

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Мухамедқалиева Н.А.

Астана қаласындағы «Неке қию сарайы» ғимаратының жылыту және желдету
жүйелері

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты


Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Инженерлік жүйелер және желілер

техн.ғыл.канд., асоц. профессор

 Алимова К.К.

“ ” 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: Астана қаласындағы «Неке қию сарайы» ғимаратының жылыту
және желдету жүйелері

Мамандығы 5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер


Орындаған



Мухамедқалиева Н.А.

Жетекші

техн.ғыл.канд., асс. профессор

 Нурпеисова К.М.

“20” 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты


Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

Инженерлік жүйелер және желілер
техн.ғыл.канд., ассоц.профессор

 Алимова К.К.

“ 11 ” 02 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Мұхамедқалиева Назым Алмасханқызы

Тақырыбы: Астана қаласындағы «Неке қию сарайы» ғимаратының жылыту және желдету жүйелері

Университет Ректорының 2018 жылғы “30” қазан №1210-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылдың “30” сәуір

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: ғимарат қабаттарының бас жоспарлары, бас фасадының бағыты, сыртқы қоршаулардың конструктивті құрылымы

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есебі. Сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылуды анықтау. Жылыту аспаптары. Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі. Желдету жүйесінің жылу келу есебі, ауа алмасу есебі, аэродинамикалық есебі. б) Құрылыс жинақтау жұмыстардың технологиясы. Жұмыс құрамы мен көлемін анықтау. Еңбек шығынының есебі. Еңбек қорғау сұрақтары. г) Жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу.



Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс) Ғимараттың қабаттарының жобасы – 2 б. Желдету жүйесінің аксонометриялық сұлбасы. Жылыту жүйесінің гидравликалық есебінің сұлбасы.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан.


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Негізгі бөлім	11.02 – 29.03	
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	1.04 – 19.04	
Экономика	22.04 – 30.04	


Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	З.И.Кашкинбаев техн.ғыл.д-ры, проф.	08.05.19	
Экономика	К.М.Нурпеисова техн.ғыл.канд., асс.проф.	15.05	
Норма бақылаушы	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., лектор	20.05.19	

Жетекші

 К.М.Нурпеисова

Тапсырманы орындауға білім алушы

 Н.А.Мухамедқалиева

Күні

« 11 » 02 2019 ж

АҢДАТПА

Берілген дипломдық жобада Астана қаласының неке қию сарайының жылыту және желдету жүйелері жобаланған. Неке қию сарайы үш қабаттан тұрады.

Негізгі бөлімінде жылутехникалық есептеулердің нәтижесіне сүйене отырып, жылыту жүйесінің техникалық, санитарлық, гигиеналық талаптарына сай шешімдер қабылданды. Неке қию сарайының екінші және үшінші қабатта орналасқан мейрамхана комфортты ауа параметрлерімен қамтамасыз етілді.

Құрылыс-монтаждық жұмыстар технологиясы бөлімінде құрылыс жұмыстарына қажетті қондырғылар, жұмысшылар саны анықталды және күнтізбелік жоспар құрылды.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассмотрены системы отопления и вентиляции дворца бракосочетания в городе Астана. Здания дворца состоит из трех этажей.

В основной части основываясь на теплотехнических расчетах приняты решения систем отопления, удовлетворяющие технические, санитарные и гигиенические требования. Показаны расчеты обеспечивающие комфортные параметры внутреннего воздуха в ресторане дворца бракосочетания

В разделе технологии строительно-монтажных работ рассчитаны количество оборудования, машин и рабочей силы на нужды строительных работ, составлен календарный план.

ABSTARCT

In this thesis project considered the heating and ventilation of the palace of marriage in the city of Astana. The building of the palace consists of three floors.

In the main section based on heat engineering calculations, decisions of heating systems have been made that satisfy technical, sanitary and hygienic requirements. The calculations are shown that provide comfortable parameters of the indoor air in the restaurant of the wedding palace.

In the section of technology of construction and assembly works, the amount of equipment, machinery and labor for the needs of construction works is calculated, a schedule is drawn up.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Құрылыс жылутехникасы. Бастапқы мәліметтер	8
1.1.1 Сыртқы қоршаулардың жылутехникалық есебі	8
1.1.2 Сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылуды анықтау	10
1.2 Жылыту жүйелері	11
1.2.1 Жылыту жүйесіндегі жылыту аспаптары	12
1.2.2 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	14
1.3 Желдету жүйелері	14
1.3.1 Сыртқы және ішкі ауаның есептік параметрлерін таңдау	15
1.3.2 Жылу келуі	16
1.3.3 Ауа алмасу есебі	18
1.3.4 Желдету жүйесінің аэродинамикалық есебі	19
1.3.5 Желдету қондырғыларын таңдау	21
1.4 Қоршаған ортаны қорғау	22
2 Құрылыс-монтаждық жұмыстарының технологиясы	23
2.1 Жұмыс құрамы мен көлемін анықтау	23
2.2 Еңбек шығынын есептеу	24
2.3 Күнтізбелік жоспар	24
2.4 Жылыту және желдету жүйелерін сынақтан өткізу	25
2.5 Қауіпсіздік техникасы	26
3 Экономика	27
ҚОРЫТЫНДЫ	28
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	29
ҚОСЫМШАЛАР	

КІРІСПЕ

Энергияны тұтыну бүкіл әлем бойынша үздіксіз артуда. Әлем бойынша энергияның көп бөлігі ғимараттар мен құрылыс нысандарының инженерлік жүйелерін жылумен қамтуға жұмсалады. Өндірілетін энергияның үштен бір бөлігі азаматтық және өндірістік ғимараттарды жылумен қамтуға жұмсалатыны белгілі. Соңғы жылдары жылуэнергетикасында қатты отынның қолданылуы қысқартылып, экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімдірек газ отынды пайдалану айтарлықтай өсті. Дүние жүзі бойынша отынның барлық түрлерінің құнының үздіксіз өсуі байқалады. Бұл нарықтық экономика жағдайына көшумен және отынды өндірудің қиындауымен анықталады. Осыған байланысты жылуэнергиясын өндіру кезеңінен бастап, тұтынушыға беру кезеңіне дейін үнемдеу өзекті мәселе болып табылады.

Ғимараттардың коммуналды-тұрмыстық қажеттеріне жұмсалатын жылудың көп бөлігі ғимараттың жылыту жүйесіне тиеді. Бұл жылдың суық мерзімінде ғимараттардың жылу жоғалуларының орнын толтыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Ғимаратты жылдың суық мерзімінде қажетті комфортты температурада ұстап тұру жылыту жүйесін қажет етеді.

Қазіргі таңда тұрғызылатын ғимараттар жеңіл және едәуір берік конструкциялардан жасалады. Ондай конструкциялар қосымша тиімді жылуоқшаулағыштармен қапталады. Бұл жылыту жүйелерінің есепті жылу шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінде сыртқы қабырғаларда және терезелерде сыртқы ауаны келтіру үшін ағындық клапандар, жоғарғы қабаттарда механикалық сорғыш желдету жүйесі жобаланып орнатылады. Дербес тұрғын ғимараттарда ас бөлмелерде, санузелдерде, жуыну бөлмелерінде механикалық ағындық желдету, ауа баптау және механикалық сорғыш желдету жүйелері жиі қолданылады.

Қазіргі ғимараттардың жылыту, желдету жүйелерін жобалағанда жаңа технологиялар мен қондырғылар қолданылуы қажет. Әр жобаланатын ғимарат нақты тапсырыс берушіге арнап жасалады және ол тапсырыс берушінің сұраныстары мен мүмкіншіліктеріне сай болуы қажет. Инженерлік желілерді жобалайтын инженердің ең бірінші міндеті – жобалауға қажетті мәліметтер мен материалдарды жинақтау. Жылыту және желдету жүйелерін жобалау тапсырыс берушінің, бас жобалаушының және технологтардың тапсырмасына және сәулет-құрылыс сызбаларына сүйене отырып орындалады.

1 Негізгі бөлім

1.1 Құрылыс жылутехникасы. Бастапқы мәліметтер

Дипломдық жобада Астана қаласының неке қию сарайының жылыту және желдету жүйелері қарастырылған. Неке қию сарайының ғимараты үш қабаттан тұрады. Ғимараттың бас фасады оңтүстік бағытта. Ғимараттың бірінші қабатында техникалық және әкімшілік тағайындалудағы бөлмелер орналасқан. Екінші қабатта 172 орындық мейрамхана, ұйымдастырушыларға және неке қиюшыларға арналған бөлмелер бар. Үшінші қабатта неке қию салтанатты алаңы мен 216 орындық мейрамхана орналасқан.

Жобалауға қажетті деректерді ҚР ҚН 2.04-01-2017* Құрылыс климатологиясы [1] анықтамалығынан аламыз.

- Жобаланған қаланың сыртқы ауасының есептік температурасы – минус 31,2°C;
- Жылытылатын мерзімдегі сыртқы ауаның орташа температурасы – минус 6,3°C;
- Жылытылатын мерзімнің ұзақтылығы – 209 тәулік;
- Жел бағыты – Оңтүстік-Батыс;
- Жел жылдамдығы – 3,8 м/с;
- Ылғалдылық режимі – құрғақ;
- Жылыту жүйесінде беретін құбырдағы жылу тасымалдағыш температурасы – 95°C;
- Жылыту жүйесінде қайтатын құбырдағы жылу тасымалдағыш температурасы – 70°C

1.1.1 Сыртқы қоршаулардың жылутехникалық есебі

Сыртқы қоршаулар арқылы жылудың жылыған аймақтан суық аймаққа жоғалуы жылуалмасудың барлық түрлерімен жүреді: сыртқы қоршау бетінде конвекциялық және сәулелік жылуалмасу жүрсе, сыртқы қоршаудың материалдық қабаттарында жылуөткізгіштік орын алады. Бұндай күрделі процесс жылуберу деп аталады. Сыртқы қоршаулар арқылы жылу жоғалуды есептегенде, инженерлік практикада конвекциялық және сәулелік жылуалмасуды бөлмей қарастыру қалыптасқан. Жылытылатын бөлменің қоршауының ішкі бетінде $\alpha_{\text{в}}$ коэффициентімен бағаланатын жылу қабылдау, ал сыртқы бетінде интенсивтілігі $\alpha_{\text{н}}$ коэффициентімен сипатталатын жылуберу процесі жүзеге асады деп қабылданған [2].

Ғимараттың сыртқы қоршаушы құрылымдарының санитарлы-гигиеналық және комфорттық шарттарына қажетті жылуберу кедергісінің мәні, $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$, табылады:

$$R_o^{тр} = \frac{n(t_i - t_o')}{\alpha_B \cdot \Delta t_H} \quad (1.1)$$

мұндағы n – қоршаудың сыртқы ауаға қатысты орналасуын ескеретін коэффициент, қабылданады – 1;

t_i – ішкі ауаның есептік температурасы, қабылданады – 18⁰С;

t_o' – сыртқы ауаның есептік температурасы, ⁰С;

α_B – қоршаушы конструкциялардың ішкі бетінің жылуқабылдау коэффициенті, Вт/м²·⁰С, қабылданады – 8,7 Вт/м²·⁰С;

Δt_H – ішкі ауа мен қоршаудың ішкі бетінің температуралар айырымының нормаланған мәні, ⁰С, қабылданады: сыртқы қабырғалар үшін – 4,5 ⁰С, төбе жабын үшін – 4,0 ⁰С.

Сыртқы қоршаулардың жылуберу кедергісінің энергия үнемдеу талаптарына сәйкес мәнін анықтау жылыту мезгіліндегі градус-тәулігін, ⁰С·тәул, есептеуден басталады:

$$D_d = (t_i - t_{om}) \cdot n_o \quad (1.2)$$

мұндағы t_{om} – жылыту мезгіліндегі сыртқы ауаның орташа температурасы, ⁰С;

n_o – жылыту мезгілінің ұзақтығы, тәул.

Сыртқы қоршаулардың жылуберуге кедергісін, м²·⁰С/Вт, келесі өрнекпен анықтаймыз:

$$R_o = \frac{1}{\alpha_B} + R_K + \frac{1}{\alpha_H} \quad (1.3)$$

мұндағы R_K – сыртқы қоршаушы конструкциялардың термиялық кедергісі, м²·⁰С/Вт;

α_H – қоршаудың сыртқы бетінің жылуберу кедергісі, м²·⁰С/Вт.

Сыртқы қоршаушы конструкциялардың термиялық кедергісі, м²·⁰С/Вт, келесі өрнек бойынша табылады:

$$R_K = \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \dots + \frac{\delta_n}{\lambda_n} \quad (1.4)$$

мұндағы $\delta_1, \delta_2 \dots \delta_n$ – сыртқы қоршауды құрайтын қабаттардың әрқайсысының қалыңдығы, м;

$\lambda_1, \lambda_2 \dots \lambda_n$ – сыртқы қоршауды құрайтын қабаттардың жылуберу коэффициенті, Вт/м²·⁰С.

Сыртқы қоршаушы конструкциялардың келтірілген жылуберуге кедергісі анықталғаннан кейін, олардың әрқайсысының жылуөткізгіштік коэффициенттері, Вт/м²·⁰С, келесі өрнек бойынша есептеледі [2]:

$$k = \frac{1}{R}, \quad (1.5)$$

Дипломдық жоба ғимаратының сыртқы қоршауларының жылутехникалық есебі А қосымшасында берілген.

1.1.2 Сыртқы қоршаулар арқылы жоғалатын жылуды анықтау

Ғимараттың сыртқы қоршауларының негізгі жылу жоғалулары, Вт, келесі өрнек бойынша анықталады [4]:

$$Q_{\text{нег}} = k \cdot A \cdot (t_i - t_o') \cdot n \quad (1.6)$$

мұндағы A – сыртқы қоршаудың ауданы, м².

Сыртқы қоршаулардың жалпы жылу жоғалуына көптеген факторлар әсер етеді. Ондай факторларға сыртқы қабырғалардың орналасу ориентациясы, жел жылдамдығы, сыртқы қоршаудың биіктігі жатады. Сыртқы қоршаулардан жалпы жылу жоғалуы, Вт, төмендегі өрнек бойынша анықталады [4]:

$$Q_{\text{жал}} = Q_{\text{нег}} \cdot (1 + \sum \beta) \quad (1.7)$$

мұндағы $\sum \beta$ – қосымша жылу жоғалуларды ескеретін коэффициенттердің қосындысы, қабылданады:

- Есептелетін бөлмедегі екі қабырғаның болуына – 5% (0.05);
- Сыртқы қоршаудың биіктігіне байланысты 4 метрден жоғарғы әр метр үшін – 2% (0.02);
- Сыртқы қоршаушы қабырғаның ориентациясына байланысты шығыс пен солтүстік – 10% (0.1), батыс – 5% (0.05), оңтүстік – 0;
- Жел жылдамдығы 5 м/с-тен кіші болса – 5% (0.05), ал егер 5 м/с-тен артық болса – 10% (0.1).

Инфильтрацияға тиісті жылу жоғалуы қоғамдық ғимараттар үшін жалпы жылу жоғалуының 15%-на тең деп қабылданады, Вт [3]:

$$Q_{\text{инф}} = 0,15 \cdot Q_{\text{жал}} \quad (1.8)$$

Инфильтрацияға тиісті жылу жоғалулары жертөле қабатында есептелмейді.

Қосынды жылу жоғалуы, Вт, келесі өрнекпен анықталады:

$$Q_{\text{қос}} = Q_{\text{жал}} + Q_{\text{инф}} \quad (1.9)$$

Сыртқы қоршаулардың жылу жоғалу есебі Б.1-кестесінде берілген.

1.2 Жылыту жүйелері

Жылыту жүйесі деп жылуды өндіруге, тасымалдауға және ғимараттың жылытылатын бөлмелеріне беруге арналған конструктивті элементтердің жиынтығын айтады. Жылыту жүйесінің негізгі конструктивті элементтеріне келесілер жатады:

- Жылу көзі – жылуды алуға арналған элемент;
- Жылу құбырлары – жылуды жылу көзінен жылыту аспаптарына тасымалдайтын элемент;
- Жылыту аспаптары – бөлмеге жылу беретін элемент.

Жылуды құбырлар бойынша тасымалдау сұйық немесе газ тәрізді жұмыс ортасымен жүзеге асады. Жылыту жүйесінде қозғалатын сұйық немесе газ тәрізді жұмыс ортасы жылу тасымалдағыш деп аталады [5].

Жылыту жүйелеріне қойылатын талаптарды шартты түре бес топқа бөлуге болады:

- Санитарлы-гигиеналық: ішкі ауаның және сыртқы қоршаулардың ішкі бетінің белгілі температураны сақтап тұруы;
- Экономикалық: оптималды қаржы шығындары, эксплуатация барысындағы жылуэнергиясының тиімді жұмсалуды;
- Сәулеттік және құрылыстық: бөлме интерьеріне сәйкес болуы, шағындылығы, құрылыс конструкцияларымен үйлесімдігі;
- Өндірістік және монтаждық: түйіндер мен бөлшектердің байланыстарының біркелкілігі, еңбек шығынының аз болуы, монтаждаудың жеңілдігі;
- Эксплуатациялық: жұмыс барысындағы тиімділігі, сенімділігі, қауіпсіздігі және шусыз жұмыс жасауы [5].

Дипломдық жобада сулы жылыту жүйесі таңдалған. Тұрғын және қоғамдық ғимараттарда ең кең қолданылатын жылыту түрі – сулы жүйе. Су – өте оңды жылу тасымалдағыш. Ол қолжетімді және арзан бол тұра, оның жылу сыйымдылық мен жылу өткізгіштік мәндері жоғары. Су ауаға қарағанда 4000 есе көп жылу мөлшерін сіңіре алады, яғни жылуды қажетті мөлшерде тасымалдай алады және бере алады. Сулы жүйенің және бір үлкен артықшылығы жылу аспабындағы температураны реттеуге мүмкіндік береді. Осының арқасында әр бөлмеде жеке комфортты температураны орнатуға болады [5].

Сулы жылыту жүйесі құбыр санына байланысты – бір құбырлы және екі құбырлы, жылу көзіне байланысты – орталықтандырылған және жергілікті, құбырдың төселу тәсіліне қарай – көлденең, тік, төменгі және жоғарғы, жылу тасымалдағыштың жылу бағытына байланысты – түйық және ілеспелі, жүйедегі судың айналуына байланысты – табиғи және жасанды циркуляциялы деп бөлінеді [6]. Дипломдық жобада орталықтандырылған екі құбырлы көлденең жылыту жүйесі қабылданды.

1.2.1 Жылыту жүйесіндегі жылыту аспаптары

Жылыту жүйесінің негізгі құрамдас бөліктеріне құбырлар және оларды байланыстыру элементтері (жылыту аспаптары, бекіту және реттеу арматуралары, кеңейткіш бак, ауаны жоюға арналған құрылғы) жатады.


Сумен жылыту жүйесінің негізгі элементі болып жылыту аспаптары табылады. Жылыту аспаптары жылутасымалдағыш жылуын жылытылатын бөлме ауасына беруге арналған. Жылыту аспаптарына қойылатын басты талапқа оның жылытылатын бөлмеге жылутасымалдағыштан неғұрлым көп мөлшердегі жылуды беруі жатады. сонымен бірге аспап тасымалдауға ыңғайлы, су өтпейтін, механикалық төзімді болуы керек [7]. Барлық жылыту аспаптары жылуберу түріне қарай үш топқа бөлінеді:

- Радиациондық аспаптар – сәулелену арқылы жылу ағынының 50%-дан көп бөлігін беретін аспаптар (төбелік жылыту панельдері және сәуле таратқыштар);

- Конвективті-радиациондық аспаптар – жылу ағынының 50-75%-ын конвекция арқылы беретін аспаптар (секциялық радиаторлар, панельдік радиаторлар, тегіс құбырлы аспаптар, едендік жылыту панельдері);

- Конвективтік аспаптар – қоршаған ортаға жылу ағынының 75%-дан көбін конвекция арқылы беретін аспаптар (конвекторлар, қырлы құбырлар).

Дипломдық жобада жылыту аспабы ретінде әкімшілік, тұрмыстық тағайындалудағы бөлмелерде Fondital компаниясының Calidor Super 500/100 (1.1 сурет) алюминийден жасалған радиаторлары таңдалған. Алюминийден жасалған секциондық радиаторлардың артықшылығына тасымалдау, сақтау және монтаждауда маңызды жеңіл салмағын жатқызса болады. Сонымен қатар оның орнатудағы қарапайымдылығы, жылыту жүйесін іске қосудағы және жылу ағынын реттеудегі төмен инерциялығын да атауға болады. Таңдалған радиаторлардың жылуберуі дәл сол геометриялық өлшемдердегі шойын немесе болат радиаторларға қарағанда 10-15%-ға жоғары. Calidor Super 500/100 радиаторының техникалық сипаттамалары 1.1 кестеде көрсетілген.



1.1 Сурет – Calidor Super 500/100 алюминий радиаторы

1.1 Кесте – Calidor Super 500/100 радиаторының техникалық сипаттамалары

Жылутасымалдағыштың 70 ⁰ С-тағы жылу беруі	178 Вт	Бір секцияның ішкі көлемі	0,32 л
Жұмыс қысымы	16 Бар	Бір секцияның салмағы	1,39 кг
Сынақ қысымы	24 Бар	Осьтер арасындағы арақашықтық	500 мм
Қиратқыш қысымы	60 Бар	Секциялардың биіктігі	577 мм
Жылутасымалдағыштың максимал мүмкін температурасы	120 ⁰ С	Секцияның ені	80 мм
Жылутасымалдағыштың мүмкін сутек көрсеткіш интервалы (pH)	6,5-9	Секцияның тереңдігі	97 мм

Дипломдық жобада витраждары бар бөлмелерде жылыту аспабы ретінде Kermi KNN-32-28 (1.2 сурет) конвекторлары қарастырлығын. Таңдалған конвектор түрі шағын өлшемдеріне қарамастан, жоғары жылыту мүмкіндігіне ие. Олардың артықшылықтарына тез жылуы, жұмыс режиміне тез өтуі және икемді реттелуі жатады. Аспаптар RAL стандарты бойынша сыналған және DIN ISO 9001 бойынша сертификацияланған. Kermi KNN-32-28 конвекторының техникалық сипаттамалары 1.2 кестеде көрсетілген.



1.2 Сурет – Kermi KNN-32-28 конвекторы

1.2 Кесте – Calidor Super 500/100 радиаторының техникалық сипаттамалары

Жұмыс қысымы	6 Бар	Биіктігі	280 мм
Сынақ қысымы	7,8 Бар	Ұзындығы	500-6000 мм
Жылутасымалдағыштың максимал мүмкін температурасы	110 ⁰ С	Тереңдігі	133 мм

Жылыту жобасындағы жылыту аспабының есебі Danfoss C.O бағдарламасымен жүргізілді. Есептеу нәтижелері В қосымшасында келтірілген.

1.2.2 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Сулы жылыту жүйесінің гидравликалық есебі жылыту аспаптарына баратын құбырлардың диаметрін табудан және жылыту аспаптарына айналмалы есептік қысым әсерінде қажетті жылутасымалдағыш көлемін анықтаудан тұрады. Гидравликалық есептің негізгі мақсаты – қалыптасқан жылутасымалдағыштың қозғалысында жүйедегі судың қозғалысының кедергісін жеңуге қажетті есептік қысымды табу.

Сулы жылыту жүйесінің гидравликалық есебі негізінен 2 тәсілмен жүргізіледі: меншікті қысым жоғалулары бойынша және гидравликалық кедергілердің сипаттамалары бойынша. Бірінші тәсіл бойынша гидравликалық есептеу қарапайым және кедергілердің тарауы мен олардың жылутасымалдағыш қозғалысына тигізетін әсерін айқын көрсетеді. Бірақ есептеулер көршілес айналмалы сақиналардағы қысым жоғалуларының үйлеспеушіліктері арқылы жасалғандықтан, сонтаждық жұмыстардан кейін міндетті түрде жүйені реттеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл жылыту аспаптарының есептік үйлесулерінің бұзылуын болдырмау үшін жасалады. Гидравликалық есептеудің екінші тәсілі жүйедегі судың жылдамдығы жоғары болғанда қолданылады. Есептеудің бұл тәсілі инженерлік практика сирек өолданылады, дегенмен осы тәсілмен жүйенің барлық бөліктеріндегі су температурасының шығынын дәл анықтауға болады [8].

Дипломдық жобаны орындау барысында гидравликалық есеп Danfoss C.O бағдарламасында орындалды. Danfoss C.O бағдарламасы жүйенің гидравликалық есептеулерін және жүйе кедергісі есептеулерін жүргізуге, жылыту аспаптарын және бекіту-реттеу арматураларының диаметрлерін таңдауға, жылыту аспаптарына орнатылатын теңестіргіш және терморегуляторлық клапандардың баптауларын анықтауға мүмкіндік береді және толық қондырғылар спецификациясын құрайды. Гидравликалық есеп нәтижелері сызба бөлімінде көрсетілген.

1.3 Желдету жүйелері

Желдету жүйелері арқылы шешілетін мәселелердің ең бастысына әр түрлі тағайындаудағы бөлмелердегі ауа аймағының қойылған талаптарға сай комфортты жағдайын тудыру жатады. Желдету жүйесінде бұл талаптар есептеу арқылы анықталған сыртқы ауа көлемін бөлмеге беру және лас ауаны бөлмеден шығару арқылы жүзеге асады. Бөлмеге берілетін сыртқы ауа өңделуі мүмкін: шаң-тозаңнан тазарту, жылдың салқын мерзімінде жылыту, жылдың жылы мерзімінде суыту, т.б. [9]

Желдету жүйелері бірнеше сипаттамалар бойынша классификацияланады:

– Ауа ағынын қозғалысқа келтіру тәсілі бойынша – табиғи және жасанды;

- Тағайындалуы бойынша – ағындық және сорғыш;
- Қызмет ету аймағына байланысты – жергілікті және жалпы алмасымды;
- Конструктивті орындалуы бойынша – каналды және каналсыз.

Табиғи айналымдағы желдету жүйесінде ауа алмасу (аэрация) ішкі және сыртқы ауа тығыздықтарының айырмашылығы арқасында жүреді. Жылубөлінуі жоғары бөлмелердегі ішкі ауа сыртқыға қарағанда жылырақ болады. Тығыздығы көбірек сыртқы ауа бөлмеге еніп, тығыздығы аз ауаны ығыстырып шығады. Осының арқасында бөлмеде ауа циркуляциясы пайда болады. Бірақ аэрация бөлмеде бөлінетін зиянды заттардың концентрациясы рұқсат етілген мәннен 30%-дан аспаған жағдайда және бөлмеге келетін сыртқы ауа қосымша өңдеуді қажет етпеген жағдайда ғана қолданылады. Табиғи желдету жүйелері қарапайым және үлкен экономикалық шығындарды талап етпейді. Бірақ ол сыртқы факторларға (сыртқы ауа температурасы, жел бағыты және жылдамдығы) тәуелді және желдету жүйелеріне қойылатын күрделі талаптарды орындай алмайды. Сондықтан жасанды желдету жүйелері кең қолданылады.

Жасанды желдету жүйелерінде ауаны белгілі қашықтыққа тасымалдайтын арнайы құрылғылар – желдеткіштер қолданылады. Қажет жағдайда ауа өңдеуден өтеді: тазартылады, жылытылады, суытылады, ылғалдандырылады немесе құрғатылады. Жасанды желдету жүйесін жергілікті және жалпы алмасымды деп бөлсе болады.

Жергілікті желдету жүйесі деп ауаны белгілі бір аймаққа беретін немесе сорып алатын желдету жүйесін атайды. Жергілікті желдету ауа алмасуын белгілі бір аймақта ғана қамтамасыз етеді, ал жалпы алмасымды желдету бүкіл бөлме ішіндегі ауа алмасуды қамтамасыз етеді. Жергілікті желдету жүйесі жалпыға қарағанда арзанырақ. Өндірістік бөлмелерде әдетте аралас желдету жүйесі қолданылады [10].

Дипломдық жобада неке қию сарайында орналасқан мейрамхананың желдету жүйесі қарастырылған. Желдету жүйесі – механикалық.

1.3.1 Сыртқы және ішкі ауаның есептік параметрлерін таңдау

Ішкі ауаның есептік параметрлерін таңдауда жыл мезгіліне, жобаланатын бөлменің тағайындалуына, онда бөлінетін зиянды заттар түріне және мөлшеріне назар аудару қажет. Есептік ауа параметрлеріне температура, меншікті энтальпия, жылдамдық, салыстырмалы ылғалдылық, ылғал мөлшері жатады. Дипломдық жобаға қажетті ішкі ауаның есептік параметрлері 1.3 кестеде көрсетілген.

Сыртқы ауаның есептік параметрлері құрылыс нысанының орналасқан жеріне және ондағы климаттық жағдайларға байланысты қоданыстағы ҚР ҚН 2.04-01-2017 Климатология [1] анықтамалығынан қабылданады. Астана қаласының сыртқы ауасының есептік параметрлері 1.4 кестеде келтірілген.

1.3 Кесте – Ішкі ауаның есептік параметрлері

Есептік жыл мезгілі	Ауа температурасы, $t_b, ^\circ\text{C}$	Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, φ , %	Ауаның есептік жылдамдығы, V , м/с
ЖЖМ	24	60	0,4
ЖСМ	18	55	0,2

1.4 Кесте – Сыртқы ауаның есептік параметрлері

Есептік жыл мезгілі	А параметрі					Б параметрі				
	Сыртқы ауа температурасы, $t_n, ^\circ\text{C}$	Энтальпия, I_n , кДж/кг	Салыстырмалы ылғалдылығы, φ_n , %	Ылғал мөлшері, d_n , г/кг	Ауаның есептік жылдамдығы, V , м/с	Сыртқы ауа температурасы, $t_n, ^\circ\text{C}$	Энтальпия, I_n , кДж/кг	Салыстырмалы ылғалдылығы, φ_n , %	Ылғал мөлшері, d_n , г/кг	Ауаның есептік жылдамдығы, V , м/с
ЖЖМ	25,5	48	43	8,6	2,2	28,6	56	43	10,5	2,2
ЖСМ	-20,4	-19,5	74	0,5	7,2	-31,2	-30	74	0,2	7,2

1.3.2 Жылу келуі

Желдету жүйелерінің есептік жүктемесін анықтау әр түрлі жылу көздерінен келетін жылудың қосындысын есептеуден тұрады. Бөлмеге келетін жалпы жылу келуі, Вт, келесі өрнек бойынша анықталады [11]:

$$\Delta Q_{\text{түс}} = Q_a + Q_{\text{жар}} + Q_{\text{с.р}} \quad (1.10)$$

мұндағы Q_a – адамдардан келетін жылу, Вт;

$Q_{\text{жар}}$ – жасанжы жарықтандыру көздерінен келетін жылу, Вт;

$Q_{\text{с.р}}$ – сәулелі радиациядан келетін жылу, Вт;

Адамдардан келетін жылу айқын (бөлмедегі ауа және беттер арасындағы сәулелік-конвективті жылуалмасу арқылы) және жасырын (тыныс алудан және дене бетінен буланатын ылғал арқылы) жылудың қосындысынан тұрады. Адамдардан келетін жылу мөлшері жұмыс жасау дәрежесіне байланысты болады. Ол келесі өрнекпен анықталады, Вт:

$$Q_a = q_a \cdot n \quad (1.11)$$

$$Q_{\text{жас}} = q_{\text{жас}} \cdot n \quad (1.12)$$

мұндағы q_a – бір адамнан бөлінетін айқын жылу мөлшері, Вт/адам.
Қабылданады – 120 Вт/адам;

n – адам саны, адам;

$q_{\text{жас}}$ – бір адамнан бөлінетін жасырын жылу мөлшері, Вт/адам.
Қабылданады – 50 Вт/адам.

Жасанды жарықтануға жұмсалатын энергияның барлығы жылу энергиясына ауысады деп есептеледі. Жарықтандырудан келетін жылу мөлшері жарықтандырғыш қондырғылардың электр қуаттылығына тәуелді және келесі өрнек арқылы есептеледі, Вт [12]:

$$Q_{\text{жар}} = E \cdot F_{\text{ед}} \cdot q_{\text{жар}} \cdot \eta \quad (1.13)$$

мұндағы E – жарықтандырылу деңгейі, лк. Қабылданады – 400 лк;

$F_{\text{ед}}$ – бөлме еденінің ауданы, м²;

$q_{\text{жар}}$ – салыстырмалы жылу бөлінуі, Вт/м²·лк. Қабылданады – 0,067 Вт/м²·лк;

η – бөлменің бір бөлігіне түсетін жылу үлесі, қабылданады – 1.

Сәулелі радиациядан келетін жылу мөлшерін төбе жабын арқылы түсетін жылу мөлшеріне тең деп аламыз, Вт:

$$Q_{\text{с.р}} = q_{\text{с.р}} \cdot F_{\text{жаб}} \quad (1.14)$$

мұндағы $q_{\text{с.р}}$ – жабынның бір шаршы метріне түсетін жылу мөлшері, Вт/м². 51⁰ солтүстік ендікте орналасқан ғимараттар үшін қабылданады – 18,4 Вт/м².

$F_{\text{жаб}}$ – жабын ауданы, м².

Дипломдық жобада мейрамхананың желдету жүйесі есептелген. Мейрамхана 388 адамға арналған. Адамдардан келетін жылу мөлшері (1.11) және (1.12)-өрнектермен анықталады:

$$Q_a = 120 \cdot 388 = 46560 \text{ Вт};$$

$$Q_{\text{жас}} = 50 \cdot 388 = 19400 \text{ Вт};$$

$$Q_{\text{а.тол}} = 46560 + 19400 = 65960 \text{ Вт}.$$

Жасанды жарықтандыру көздерінен келетін жылу мөлшері (1.13)-өрнегімен есептеледі:

$$Q_{\text{жар}} = 400 \cdot 518 \cdot 0,067 \cdot 1 = 13882 \text{ Вт}.$$

Сәулелі радиациядан түсетін жылу (1.4)-өрнекпен анықталады:

$$Q_{c.p} = 18,4 \cdot 518 = 9531 \text{ Вт.}$$

Мейрамхананың жалпы жылу келулерін (1.10)-өрнек арқылы анықтаймыз:

$$\Delta Q_{\text{түс}} = 65960 + 13882 + 9531 = 89373 \text{ Вт} = 89,4 \text{ кВт.}$$

1.3.3 Ауа алмасу есебі

Ауа алмасу – жабық ғимараттардың желдету жүйесін сипаттайтын сандық параметрлердің бірі. Сонымен бірге ауа алмасу деп бөлмедегі ластанған ауаны таза ауамен алмастыруды айтады. Өндірістік, қоғамдық және тұрғын ғимараттардың ауа алмасуын дұрыс ұйымдастыру желдету және ауа баптау жүйелерін жобалаудың басты мақсаттарының бірі болып табылады. Бөлмедегі ауа алмасу көлемінің сан мәні ауа кеңістігінің комфортты жағдайын қамтамасыз ететін келетін ауа көлемін сипаттайды.

Бөлменің ауа алмасуы жылдың жылы және суық мезгілдері үшін жеке-жеке анықталады. Ауа алмасу есебін бірнеше параметрлер бойынша жүргізсе болады:

- Артық айқын жылу бойынша;
- Артық толық жылу бойынша;
- Артық ылғал көлемі бойынша;
- Бөлме ішінде бөлінетін зиянды және жарылу қаупі бар заттар массасы бойынша;
- Ауа алмасудың нормаланған еселігі бойынша;
- Келетін ауаның нормаланған меншікті шығыны бойынша [10].

Дипломдық жобада ауа алмасу есебі ауаның нормаланған меншікті шығыны бойынша анықталды. Бұл есептеу ғимараттың санитарлы-гигиеналық талаптарына сай келеді. Ол келесі өрнекпен есептеледі, м³/сағ:

$$L = m \cdot n \quad (1.15)$$

мұндағы m – бір адамға нормаланған келетін ауаның меншікті шығыны, м³/сағ. Санитарлы-гигиеналық норма бойынша қабылданады – 60 м³/сағ;

n – адам саны.

Жобаланатын ғимараттың мейрамханасы екі деңгейден тұрады. Бірінші деңгейінде 172 адам, ал екінші деңгейінде 216 адамға арналған орын бар. Ауа алмасу есебін (1.14)-өрнек бойынша жүргіземіз:

$$L_1 = 60 \cdot 172 = 10320 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

$$L_2 = 60 \cdot 216 = 12960 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

$$L = 10320 + 12960 = 23280 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Дипломдық жобада келетін ауа шығыны мен сорылатын ауа шығыны тең деп қабылданды. Жылдың суық мезгілінде келетін ауа ағындық қондырғыда орнатылған электронды жылытқышта жылытылады. Жылдың жылы мезгілінде келетін ауа ғимарат сыртында орналасқан фреондық чиллерде салқындатылады. Жылдың жылы және суық мезгіліндегі келетін ауа параметрлері арнайы бағдарламамен есептелді. Оның нәтижелері 1.5 кестеде келтірді.

1.5 Кесте – Келетін ауа параметрлері

Параметрлер	ЖСМ		ЖЖМ	
	сыртқы ауа	келетін ауа	сыртқы ауа	келетін ауа
Температура, t , °C	-31,20	18,00	28,60	16,58
Салыстырмалы ылғалдылық, φ_n , %	74%	1%	43%	69%
Абс.ылғалдылық, χ , г/кг	0,16	0,16	10,82	8,35
Энтальпия, I_n , кДж/кг	-31,13	18,58	56,52	37,89
Тығыздық, ρ , кг/м ³	1,42	1,18	1,13	1,18
Ылғал термометр температурасы, t_v , °C	-31,33	4,80	19,40	13,20
Ауа шығыны, L , м ³ /сағ		23 280		23 280
Қуаты, P , кВт		385,72		-89,40

Алынған мәліметтер бойынша жылдың суық және салқын мезгілінде келетін ауаның I-d диаграммасы құрылады. I-d диаграммасын 1918 жылы профессор Л.К.Рамзин құраған. I-d диаграммасы желдету және ауа баптау жүйелерін жобалағанда кең қолданылады. Диаграмма Г қосымшасында келтірілген.

1.3.4 Желдету жүйесінің аэродинамикалық есебі

Желдету жүйесінің аэродинамикалық есебінің негізгі мақсатына қажетті ауа ағынының қозғалысын қамтамассыз ететін ауа өткізгіштердің көлденең қимасының өлшемдерін анықтау және ауа өткізгіштерде пайда болатын кедергілердің жалпы мәнін анықтау жатады. Аэродинамикалық есептеу гидроаэромеханиканың жалпы заңдылықтарына сүйенеді, яғни ауа сығылмайтын сұйықтық ретінде қарастырылады. Бұл тұжырым желдету жүйелерінің ауа өткізгіштеріндегі қысымның аз болуына сүйенеді [13].

Ауа өткізгіштердегі ауа ағыны статикалық, динамикалық және толық қысымдармен сипатталады. Статикалық қысым қарастырылып отырған өткізгіш

қимасындағы 1 м^3 ауа көлемінің потенциалдық энергиясын анықтайды. Ол ауа өткізгішінің қабырғаларына түсетін ауа ағынына параллель қысымға тең. Динамикалық қысым деп 1 м^3 ауа ағынының динамикалық энергиясын айтамыз. Ол келесі өрнекпен анықталады, Па:

$$p_d = \frac{\vartheta^2}{2} \cdot \rho \quad (1.16)$$

мұндағы ϑ – ауа ағынының жылдамдығы, м/с;

ρ – ауа тығыздығы, кг/м³.

Толық қысым статикалық және динамикалық қысымдардың қосындысымен анықталады, Па [13]:

$$p_{\text{тол}} = p_d + p_c \quad (1.17)$$

Желдету жүйесінде ауа қозғалыс кезінде қысымды ауа өткізгіш қабырғасымен үйкеліс салдарынан және жергілікті кедергілерге жоғалтады. Үйкеліске қысым жоғалуы ауа өткізгіш ұзындығы бойынша үздіксіз жүреді. Ал жергілікті кедергілерге қысым жоғалуы ауа өткізгішінің ауа ағыны жылдамдығының мөлшер немесе бағыт бойынша өзгерген жерлерінде байқалады. Физикалық жаратылысы бойынша бұл кедергілер ауаның серпімсіз соққы кезіндегі энергия жоғалуы болып табылады [13].

Желдету жүйесіндегі толық қысым жоғалуы келесі өрнек бойынша есептеледі, Па:

$$\Delta p_{\text{уч}} = \Delta p_{\text{үйк}} + Z \quad (1.18)$$

мұндағы $\Delta p_{\text{үйк}}$ – үйкеліске жоғалатын қысым, Па;

Z – жергілікті кедергілерге жоғалатын қысым, Па.

Үйкеліске жоғалатын қысым төмендегі өрнек арқылы анықталады, Па:

$$\Delta p_{\text{үйк}} = \beta \cdot R \cdot l \quad (1.19)$$

мұндағы β – ауа өткізгіштің кедір-бұдырлығын ескеретін коэффициент, қабылданады – 0,1;

R – үйкеліске меншікті қысым жоғалуы, Па/м;

l – учаске ұзындығы, м.

Үйкеліске меншікті қысым жоғалулары есептеледі, Па/м:

$$R = \frac{\lambda}{d_{\text{эк}}} \cdot \frac{\vartheta^2}{2} \cdot \rho \quad (1.20)$$

мұндағы λ – үйкеліс коэффициенті;

$d_{\text{эк}}$ – тік төртбұрышты ауа өткізгіштің эквивалент диаметрі, м. Анықталады:

$$d_{\text{эк}} = \frac{2 \cdot a \cdot b}{a + b} \quad (1.21)$$

мұндағы a және b – тік төртбұрышты ауа өткізгіштің өлшемдері, м.

Учаскедегі жергілікті кедергілерге қысым жоғалуы келесі өрнек бойынша анықталады, Па:

$$Z = \sum \xi \cdot \frac{\vartheta^2}{2} \cdot \rho \quad (1.22)$$

мұндағы $\sum \xi$ – учаскедегі жергілікті кедергілер коэффициенттерінің қосындысы. Арнайы кестеден қабылданады.

Дипломдық жобаның желдету жүйесінің аэродинамикалық есептері Д.1 және Д.2 кестелерінде берілген.

1.3.5 Желдету қондырғыларын таңдау


Аэродинамикалық есептен кейін номиналды ауа шығыны бойынша желдету жүйесі қондырғысының барлық компоненттері таңдалады: жылыланған клапаны бар кіретін блок, фильтр, жылуалмасу блоктары, желдеткіш, шуылбасқыш [10].

Желдету жүйелеріне қойылатын заманауи талаптар тек қана ауа өңдеу процестерінің функционалды жиынтығымен шектелмейді. Желдету жүйесі энергоэффективті, экологиялық, қауіпсіз және берік болуы керек. Қызмет көрсететін бөлме тағайындалуына, оның ерекшеліктеріне, қолданылатын технологияларға, сәулеттік шешімдерге және дизайнына байланысты әрбір ғимаратқа жеке желдету жүйесінің шешімі қажет.

Дипломдық жобада желдету қондырғысын таңдау арнайы бағдарлама бойынша жүргізіліп, ВЕРОСА-500-234-01-20 (1.3 сурет) қондырғысы таңдалып алынды. Қондырғының корпусы бір-бірімен алюминий балқымасынан жасалған бқырштық тіреумен бекітілген жабық рамалы алюминий профильдерден және іші пенополиуретан толтырғышпен жабдықталған үш қабатты панельдерден тұрады. Панельдердің қалыңдығы – 50 мм. Панель қабырғаларын жасау үшін қалыңдығы 0,7 мм мырышпен қапталған парақтар қолданады. Панельдер каркас профиліне қондырғы сыртынан саморездер арқылы бекітіледі. Бұл шығыңқы бекіту элементтерін қондырғы ішінде болдырмау үшін жасалады. Каркас пен панельдер арасына арнайы тығыздағыш желімделеді. Ол корпус арқылы ауаның шығуын болдырмайды. Панельдердегі тесіктер сыртынан арнайы бітеуіштермен жабылады. ВЕРОСА-500 қондырғылары биіктігі 150 мм мырышталған болаттан жасалған тірек рамаларға қондырылады.

ВЕРОСА желдету қондырғыларының негізінде модульді жүйе жатыр, яғни ауа өңдеу процесін қамтамассыз ететін кез-келген қиындықтағы

қондырғыны блоктар мен секциялардан жинауға болады. Таңдалған қондырғы ауа өңдеу процесінің толық кешенін жүзеге асыруға мүмкіндік береді: фильтрация, жылыту, суыту, құрғату, ылғалдандыру, жылу мен салқынды рекуперация және регенерациясы, шуылбасу.



1.3 Сурет – ВЕРОСА-500-234-01-20 желдету қондырғысы

1.4 Қоршаған ортаны қорғау

Жаңа ғимарат құрылысына немесе ескі ғимарат реконструкциясының жобалық документацияна «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі міндетті түрде жасалады. Бұл документация Қазақстан Республикасының қолданыстағы арнайы заңнамаларына сүйене отырып орындалады.

«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінде атмосфералық ауаны зиянды заттардан қорғау, зиянды физикалық факторлардан қорғану, құрылыс нысанының қоршаған ортаға әсерін бағалау мәселелері қарастырылады. Бұл мәселелерді ескеру жобаланатын ғимараттың белгілі аймақта орналастырудың қалыптасқан экологиялық жағдай мен шаруашылық әрекеттердің қоршаған ортану өзгерту дәрежесі бойынша мүмкіншілігі мен жөнділігін анықтауға мүмкіндік береді [7].

Атмосфералық ауаны зиянды заттардан қорғау мәселесін шешкенде, шығу көзінен тарайтын зиянды заттардың атмосферада шашырауын есептейді. Жобалаушылардың негізгі мақсаты – ластанудың есептік мәндері СанЕЖН бойынша нормаланған мәндерден аспауын қадағалау. Егер де ластанудың есептік мәндері нормаланған мәндерден асып кетсе, атмосфералық ауаға лақтырылатын зиянды заттар концентрациясын азайту шаралары жүзеге асырылады.

Елді мекендердегі атмосфераға лақтырылатын зиянды заттар концентрациясы нормаланған бір реттік концентрациядан аспауы керек. Ғимарат ішіне механикалық желдету жүйесінің қабылдау қондырғылары арқылы түсетін ауадағы зиянды заттар концентрациясы шектік рұқсат етілген концентрацияның (ШРК) 30%-ынан аспауы қажет.

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Құрылыс өндірісі бұл тікелей құрылыс аумағында орындалатын бір бірімен байланысты комплексті өндірістік процестер жиынтығы. Құрылыс өндірісінің нәтижесі болып толық біткен және эксплуатацияға дайын құрылыс нысана есептеледі. Құрылыс өндірісінің процестері деп құрылыс өнімін алуға бағытталған, еңбек ресурстары мен құралдарын пайдалана отырып жасалатын рационалды жүйелі және мақсатты әрекеттердің жиынтығын айтады [14]. Технологиялық сипаттамаларға сәйкес құрылыс процестерінің келесі түрлері ажыратылады:

- Дайындау процестеріне құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын жасау жатады;
- Жасақтау процестері деп құрылыс конструкциялары мен бұйымдарын технологиялық талаптарға сай жинау үрдістерін біріктіретін процестерді атайды;
- Транспорттау процестері құрылыс өнімдері, материалдары мен конструкцияларын құрылыс аумақтары арасында немесе құрылыс аумағы ішінде және қоймадан құрылыс аумағына дейін тасымалдау процестерін қамтиды;
- Монтаждау және орнату процестері негізгі және соңғы құрылыс процесі ретінде тікелей құрылыс аумағында орындалады. Бұл процестің соңғы өнімі ретінде жеке ғимарат немесе оның белгілі бір бөлігі қабылданады.

2.1 Жұмыс құрамы мен көлемін анықтау

Жылыту және желдету жүйелерін монтаждау жұмыстарының көлемі жұмыс сызбалары мен технологиялық бірізділік бойынша орындалатын құрылыс және монтаждау процестерінің тізімі бойынша есептеледі. Жұмыс номенклатурасы мен жұмыс көлемінің өлшем бірлігі бірінғай нормалар және бағалар (ЕНиР) анықтамалығында көрсетілген тізімге негізделуі қажет.

Жылыту жүйесін монтаждау жұмыстары келесі операцияларды орындайдан тұрады:

- Жылыту жүйесінің элементтерін әкелу, түсіру, жинақтау және тарату;
- Құбыр желісін төсеу орындарын белгілеу;
- Құбыр желілерін монтаждау;
- Магистралдық құбыр желілеріне қосу;
- Жылу түйінін және енгізу түйінін монтаждау;
- Жылыту аспаптарын орнату және монтаждау;
- Ауа жинағыштарды, сақтандыру қондырғыларын орнату;
- Жүйенің гидравликалық сынақтан өткізу;
- Жылу изоляциялау;
- Жүйені эксплуатацияға өткізу [15].

Дипломдық жобаның жылыту жүйелерін монтаждау жұмысының құрамы мен көлемі Е.1 кестеде келтірілген.

2.2 Еңбек шығынын есептеу

Еңбек шығынын есептеу жұмысшылардың еңбек әрекеттілігінің көрсеткіші болып саналатын еңбек өнімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Еңбек әрекеттілігі жұмыс процесінің екі құрамдасынан тұрады – өнімділік және жұмысқа кеткен уақыт. Жұмысшының еңбегі ең қымбат өндіріс ресурстарының біріне жатады. Жұмыстың орындалу сапасы жұмысшылар біліктілігіне тәуелді, сондықтан еңбек шығындарын есептегенде жұмысшылардың квалификациясы ескеріледі.

Еңбек шығындарын есептеу құрылыс сызбалары мен белгіленген жұмыс құрамы және көлемі бойынша жүргізіледі. Есептеулер қолданыстағы бірыңғай нормалар мен бағалар анықтамалығына сүйене отырып жасалады. Жұмыс уақытын есептеу заңмен нормаланған жұмыс аптасының ұзақтығына сәйкес жүргізіледі. Еңбек шығыны бір жұмысшының жұмысты көлемін орындауға кететін орташа уақыты бойынша есептеледі.

Дипломдық жобада жұмыс күнінің ұзақтығы 8 сағаттық 1 ауысым деп қабылданды. Есептеу нәтижелері Е.2 кестеде көрсетілген.

2.3 Күнтізбелік жоспар

Күнтізбелік жоспар деп орындалатын жұмыстың уақыты мен құны динамикалық, яғни уақыт бойынша, көрсетілген жобалық документацияны айтады. Күнтізбелік жоспар әр түрлі формада көрсетілуі мүмкін: дескриптивті, матрицалық, күнтізбелік табельді, графикалық және т.б. осылардың ішіндегі ең көрнекісі – графикалық формада көрсетілген күнтізбелік жоспар. Ол сызықтық күнтізбелік график және жүйелік график ретінде кең қолданылады. Мазмұндық жағынан күнтізбелік жоспар құрылыс өндірісінің технологиясын, ұйымдастырылуын және экономикасын жүйелі түрде біріктіреді. Сол себептен күнтізбелік жоспар құрылыс өндірісін ұйымдастыру мен жобаны басқарудың негізі болып табылады [15].

Күнтізбелік жоспарды құру үшін керекті бастапқы мәліметтерге жатады: жұмыс сызбалары, жүйелерді монтаждауға бөлінген жалпы уақыт, монтажды жүргізуге берілген жалпы шарттар туралы мәліметтер, жұмыс көлемі мен еңбек шығындары.

Құрылыс-монтаждық жұмыстардың тізімі орындалу реті бойынша Е.1 және Е.2 кестелерге сүйене отырып, күнтізбелік жоспар графигіне енгізіледі. Біртекті ұсақ жұмыстар бір позицияға біріктіріледі. Ал олардың көлемі мен еңбек шығындары жинақталып жазылады.

Күндізбелік жоспар жеке құрылыс-монтаждық жұмыстардың уақыт бойынша максимал қосарлы орындалуын ескере отырып құрылады. Бір ауысымда орындалатын жұмыстар графикте бір сызықпен, ал екі ауысымда орындалатын жұмыстар екі сызықпен көрсетіледі. Жұмысшылардың бір мамандық жұмысынан басқа жұмысқа ауысуы стрелкамен белгіленеді [15].

Еңбек сыйымдылығы деп құрылыс өнімін орындауға кететін жұмысшы уақытын айтады. Ол бір ауысым бойынша есептеледі, адам-күн:

$$T_p = \frac{N_{уак} \cdot V}{8} \quad (2.1)$$

мұндағы $N_{уак}$ – жұмыс бірлігіне уақыт нормасы, адам-сағ;

V – жұмыс көлемі, ЕниР бойынша қабылданған өлшем бірлігінде;

8 – бір ауысым ұзақтылығы.

Дипломдық жобаның күнтізбелік жоспарының есебі Е.3 кестесінде, ал күнтізбелік жоспардың графигі сызба бөлімде көрсетілген.

2.4 Жылыту және желдету жүйелерін сынақтан өткізу

Сулы жылыту жүйелерін сынақтан өткізу қазандықтар мен кеңейту түтікшелерінің өшірулі қалпында, жүйенің ең төменгі нүктесіндегі жұмыстық қысымның 1,5-не тең, бірақ 0,2 МПа-дан кем емес қысыммен гидростатикалық әдіспен бойынша жүргізіледі. Жүйе сынақтан өтті деп саналады, егер 5 минут бойында қысым төмендеуі 0,02 МПа-дан аспаса және дәнекерлеу тігістерінде, құбырларда, бұрандалы қосылуларда, арматураларда және жылыту аспаптарында су ағыстары байқалмаса. Гидростатикалық сынау қысымы жүйеде орнатылған жылыту аспаптарының белгіленген шекті қысымынан аспауы қажет.

Жылыту жүйелерінің жылу сынағы сыртқы ауаның оң температураларында беретін құбырдағы жылутасымалдағыш температурасы кем дегенде 60⁰С-та жүргізіледі. Сонымен қатар жылыту аспаптарының біркелкі жылуын қадағылау керек. Жылыту жүйесінің жылу сынағы сыртқы ауаның оң температураларында жүргізілсе, жылу көзіне қосқаннан кейін ғана жүргізіледі.

